

Бекітілген

«Freedom Finance Global PLC» ЖК

Директорлар кеңесінің шешімімен

Отырыстың 2026 жылғы 18 маусымдағы
хаттамасы

**Дербес деректерді өңдеу
САЯСАТЫ**

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ереже	Ошибка! Закладка не определена.
2-тарау. Дербес деректерді өңдеу қағидаттары	Ошибка! Закладка не определена.
3-тарау. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары	Ошибка! Закладка не определена.
4-тарау. Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері	Ошибка! Закладка не определена.
5-тарау. Субъектілердің құқықтары	Ошибка! Закладка не определена.
6-тарау. Өңделетін дербес деректер	Ошибка! Закладка не определена.
7-тарау. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру	Ошибка! Закладка не определена.
8-тарау. Деректерді сақтау мерзімі	Ошибка! Закладка не определена.
9-тарау. Субъектілердің дербес деректерді өңдеу мәселелеріне қатысты жүгіну тәртібі	Ошибка! Закладка не определена.
10-тарау. Уәкілетті орган туралы ақпарат	Ошибка! Закладка не определена.

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы дербес деректерді өңдеу саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Freedom Finance Global PLC» жария компаниясы (бұдан әрі – Компания) жүзеге асыратын дербес деректерді өңдеу қағидаттарын, мақсаттары мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ дербес деректер субъектілерінің құқықтары және Компания дербес деректерді қорғалуы мен тиісті түрде өңделуін қамтамасыз ету үшін қабылдайтын шаралар туралы ақпаратты қамтиды.
2. Саясат «Астана» халықаралық қаржы орталығының нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – қолданылатын заңнама) және Компанияның Ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес әзірленді.
3. Осы Саясаттың күші Компания іскерлік және еңбек қатынастары шеңберінде, Компанияның интернет-ресурстарын пайдаланған кезде, сондай-ақ әлеуетті кандидаттармен, клиенттермен, серіктестермен және дербес деректердің өзге де субъектілерімен өзара іс-қимыл барысында алуы мүмкін дербес деректер санатына жататын барлық ақпаратқа қолданылады.
4. Саясат кең ауқымды тұлғаларға арналған, Компанияның ресми ресурстарында ашық қолжетімді түрде орналастырылады және қажет болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.
5. Саясатта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:
 - 1) интернет-ресурс - Интернет желісінде орналастырылған, кең ауқымды тұлғаларға қолжетімді электрондық ақпараттық ресурс. Ол сайт, сайт парақшасы, форум, блог, қолданба және интернет технологияларын пайдаланатын өзге де ақпараттық ресурстар түрінде болуы мүмкін;
 - 2) дербес деректерді пайдалану – меншік иесінің, оператордың және үшінші тұлғаның қызмет мақсаттарын іске асыруға бағытталған дербес деректермен жасалатын әрекеттер;
 - 3) дербес деректерді жинақтау – дербес деректерді қамтитын базаға оларды енгізу арқылы аталған деректерді жүйелеуге бағытталған әрекеттер;
 - 4) дербес деректерді иесіздендіру – нәтижесінде дербес деректердің қай дербес деректер субъектісіне тиесілі екенін айқындау мүмкін емес әрекеттер;
 - 5) дербес деректерді өңдеу – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған әрекеттер;
 - 6) ресми интернет-ресурс - <https://fbroker.kz>;
 - 7) дербес деректер – олардың негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және/немесе өзге де материалдық тасымалдағышта тіркелген мәліметтер;
 - 8) дербес деректерді тарату – нәтижесінде дербес деректерді, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беру немесе дербес деректерге қандай да бір өзге тәсілмен қолжетімділік беру жүзеге асырылатын әрекеттер;
 - 9) регламент - бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету регламенті;
 - 10) дербес деректерді жинау – дербес деректерді алуға бағытталған әрекеттер;
 - 11) дербес деректер субъектісі (бұдан әрі – субъект) – дербес деректер қатысты болатын жеке тұлға, сондай-ақ клиенттер – заңды тұлғалардың, қарсы агенттердің өкілдері мен бенефициарлары, сондай-ақ Компанияның жұмыскерлері;
 - 12) дербес деректерді жою – нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын әрекеттер;
 - 13) дербес деректерді сақтау – дербес деректердің тұтастығын, конфиденциалдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер.

2-тарау. Дербес деректерді өңдеу қағидаттары

6. Компания дербес деректерді өңдеу кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:
 - 1) заңдылық, әділдік және ашықтық – Компания дербес деректерді қолданыстағы заңнама нормаларын сақтай отырып, заңды негіздерде өңдейді. Дербес деректерді өңдеуге қатысты барлық әрекет дербес деректер субъектілеріне қатысты адал және ашық түрде жүзеге

асырылады. Компания дербес деректерді өңдеу тәжірибесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, субъектілерді олардың дербес деректерін пайдалану мақсаттары, көлемі және талаптары туралы хабардар етеді;

- 2) мақсатты шектеу – дербес деректерді жинау және кейіннен өңдеу тек нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттар үшін жүзеге асырылады;
- 3) деректерді барынша азайту – Компания мәлімделген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті дербес деректер көлемін ғана өңдейді;
- 4) сақтау мерзімін шектеу – дербес деректер олар жиналған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет мерзімнен артық не қолданылатын заңнамада белгіленген мерзімнен ұзақ сақталмайды;
- 5) тұтастық және конфиденциалдылық – Компания ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі шеңберінде тиісті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдану арқылы дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, қолжетімділіктің аражігін ажырату және бақылау, пайдаланушылардың әрекеттерін журналға тіркеу, деректерді сақтау және беру кезінде шифрлауды пайдалану, сондай-ақ резервтік көшіру және қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдану арқылы дербес деректердің рұқсат етілмеген немесе заңсыз қолжетімділігінің, өзгертілуінің, жария етілуінің, жоғалтылуының немесе жойылуының алдын алуға бағытталған әрекеттерді жүзеге асырады.

3-тарау. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары

7. Компанияның лицензияланатын қызметінің көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын субъектілердің дербес деректерін өңдеу Компанияның ресми интернет-ресурсында орналастырылған Регламентте көрсетілген мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылады.
8. Жұмыскерлердің дербес деректерін өңдеу мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:
 - 1) Еңбек қатынастарын ресімдеу және реттеу: еңбек шарттарын жасасу, өзгерту және бұзу; кадрлық іс жүргізуді жүргізу; жұмыс уақытын және демалыстарды есепке алу.
 - 2) Заңнама талаптарын орындау: еңбек, салық және өзге де қолданылатын заңнама нормаларын сақтау; мемлекеттік органдарға міндетті есептілікті ұсыну.
 - 3) Еңбекақы және өзге де төлемдерді есептеу және төлеу: еңбекақы, сыйақылар, өтемақылар есептеу; салықтар мен міндетті аударымдарды әкімшілендіру.
 - 4) Әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді қамтамасыз ету: демалыстарды, еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын, іссапарларды ресімдеу; корпоративтік жеңілдіктер мен бағдарламаларды ұсыну.
 - 5) Ішкі қауіпсіздіктің және ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету: ақпараттық жүйелер мен үй-жайларға қолжетімділікті бақылау; ақпараттың таралып кетуіне және ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларына жол бермеу; ішкі тергеулер жүргізу.
 - 6) Компания қызметін ұйымдастыру және басқару: ресурстарды жоспарлау және персоналды басқару; тиімділікті бағалау (performance management, KPI, 360); жұмыскерлерді оқыту және дамыту.
 - 7) Коммуникацияларды және корпоративтік өзара іс-қимылды қамтамасыз ету: корпоративтік электрондық поштаны, мессенджерлерді, телефонияны пайдалану; жұмыскерлердің ішкі анықтамалықтарын жүргізу.
 - 8) Еңбекті қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету: еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылау; жазатайым оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру.
 - 9) Өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету: рұқсаттамаларды ресімдеу; бейнебақылау жүргізу және келушілерді бақылау.
 - 10) Жұмыс берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау: даулар мен талаптарды қарау; сот және өзге де органдарда мүдделерін білдіру.
9. Компанияның клиенттері болып табылмайтын, бірақ Компаниямен өзара іс-қимыл жасайтын субъектілердің (сайт пайдаланушылары, өтініш берушілер, кері байланыс нысандары, байланыс

орталығы және өзге де рұқсат етілген байланыс арналары арқылы жүгінген тұлғалар) дербес деректерін өңдеу келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

- 1) өтініштерді, сұрау салуларды, шағымдар мен ұсыныстарды қарау;
- 2) дербес деректер субъектісімен кері байланысты жүзеге асыру;
- 3) қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету және бақылау, оның ішінде телефон арқылы сөйлесулерді жазу және талдау;
- 4) қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтықтың және теріс пайдаланудың алдын алу;
- 5) қолданылатын заңнама талаптарын сақтау;
- 6) шарттар жасасу алдында жүзеге асырылатын әрекеттерді орындау (субъект тарапынан тиісті бастама болған жағдайда).

4-тарау. Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері

10. Компания дербес деректерді дербес деректерді қорғау саласындағы қолданылатын заңнамаға сәйкес өңдеуді жүзеге асырады.
11. Дербес деректерді өңдеу мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:
 - 1) дербес деректер субъектісінің келісімі – дербес деректерді өңдеуге ерікті, хабардар етілген және бірімәнді келісім алу;
 - 2) егер өңдеу дербес деректер субъектісі тарап болып табылатын шартты дайындау, жасасу, орындау және/немесе өзгерту үшін қажет болған жағдайда, шарттарды, келісімдерді және заңды күші бар өзге де құжаттарды жасасу және орындау жүзеге асырылады;
 - 3) қолданылатын заңнамада немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды орындау. Мұндай талаптарға уәкілетті мемлекеттік органдардың, реттеуші органдардың, құқық қорғау органдарының, соттардың сұрау салулары бойынша ақпарат ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңында (мысалы, салық, еңбек, әкімшілік және өзге де заңнамада) Компанияға жүктелген басқа да міндеттемелерді орындау жатады.

5-тарау. Субъектілердің құқықтары

12. Деректерге қолжетімділік – субъект Компанияның оның дербес деректерін өңдеп жатқан-жатпағаны туралы ақпаратты сұратуға, сондай-ақ осындай деректерге қолжетімділік алуға құқылы, оның ішінде өңдеу мақсаттары, деректер санаттары, сақтау мерзімдері және мұндай деректер ашылуы мүмкін алушылар туралы мәліметтерді алуға құқылы.
13. Деректерді түзету – егер дербес деректер нақты емес немесе ескірген болса, субъект оларды нақтылауды, толықтыруды талап етуге немесе бұл әрекеттерді өз бетінше жүзеге асыруға құқылы. Сондай-ақ егер дербес деректерді өңдеу қолданылатын заңнама талаптарын бұза отырып жүзеге асырылған жағдайда, субъект олардың жойылуын талап ете алады.
14. Келісімді кері қайтарып алу – егер дербес деректерді өңдеу субъектінің келісімі негізінде жүзеге асырылса, субъект кез келген уақытта өз келісімін кері қайтарып алуға құқылы, бұл ретте субъект осы әрекет Компаниямен іскерлік өзара қарым-қатынастардың тоқтатылуына әкеп соғуы мүмкін екенін түсінеді. Сонымен қатар Компания қолданылатын заңнама талаптарына сәйкес дербес деректерді өңдеуді жалғастыра алады.
15. Деректерді бұғаттау – дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы расталған ақпарат болған жағдайда, субъект Компаниядан өзінің дербес деректерін бұғаттауды талап етуге құқылы;
16. Деректерді жою – дербес деректерді жинау және өңдеу қолданылатын заңнама талаптарын бұза отырып жүзеге асырылған жағдайда, субъект Компаниядан өз дербес деректерін жоюын талап етуге құқылы.

6-тарау. Өңделетін дербес деректер

17. Компанияның лицензияланатын қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Компания осы тарауда көзделген дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады.
18. Брокерлік шот ашқанда субъектіні верификациялау үшін Компания субъектілердің мынадай дербес деректерін, оның ішінде олармен шектелмей, өңдейді¹:
 - 1) жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері;
 - 2) жеке басын куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері;
 - 3) жеке сәйкестендіру нөмірі (егер жеке тұлғаға қолданылатын заңнамаға сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда);
 - 4) тұрғылықты жерін растау үшін қажетті құжаттар немесе ақпарат;
 - 5) телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы;
 - 6) субъект немесе оның жақындары жария лауазымды адамдар болып табылатындығы туралы деректер;
 - 7) салық резиденттігі туралы деректер;
 - 8) қаржылық жағдайы туралы деректер;
 - 9) қосымша азаматтығы және салық резиденттігі туралы деректер.
19. Клиенттің экономикалық және инвестициялық бейінін қалыптастыру үшін Компания мынадай деректерді, оның ішінде олармен шектелмей, сұратуы мүмкін:
 - 1) білімі туралы ақпарат;
 - 2) инвестициялар үшін қолжетімді қаражатының көлемі;
 - 3) қаражат пен әл-ауқат көздері туралы ақпарат;
 - 4) инвестициялау дағдысы;
 - 5) инвестициялық тәуекелдің рұқсат етілген деңгейі;
 - 6) инвестициялық мақсаттары;
 - 7) негізгі активтердің түрлері;
 - 8) қызмет саласы (*және жасалған таңдауға байланысты қосымша ақпарат*);
 - 9) қосымша азаматтығы және салық резиденттігі туралы ақпарат.
20. Компанияның интернет-ресурстарына кірген кезде Компания техникалық ақпаратты жинауды және өңдеуді жүзеге асыруы мүмкін:²
 - 1) IP-мекенжай;
 - 2) құрылғы түрі;
 - 3) браузер және оның нұсқасы;
 - 4) интернет-ресурс бөлімдеріне кіру күні мен уақыты;
 - 5) интернет-ресурстағы әрекеттер (мысалы, басулар, беттер мен сілтемелер бойынша өту);
 - 6) cookie файлдары және ұқсас технологиялар арқылы алынған деректер.
21. Компанияның интернет-ресурстарында орналастырылған электрондық веб-нысандар, электрондық хаттар немесе телефон қоңыраулары арқылы Компаниямен өзара әрекеттесу кезінде мынадай дербес деректер өңделуі мүмкін:
 - 1) тегі, аты, әкесінің аты;
 - 2) телефон нөмірі;
 - 3) электрондық пошта;
 - 4) жеке сәйкестендіру нөмірі.

¹ Деректердің толық және егжей-тегжейлі тізімі Компанияның ресми интернет-ресурсында орналастырылған Регламенттің 2 (А), 2 (А-1), 2 (В) қосымшаларында көрсетілген.

² Деректер мүмкін болған жағдайда жинақталған немесе иесіздендірілген нысанда өңделеді және қосымша келісімсіз пайдаланушының жеке басын анықтау үшін қолданылмайды.

7-тарау. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру

22. Компания дербес деректерді үшінші тұлғаларға берудің мынадай жағдайларын айқындайды:³
- 1) үшінші тұлғалардың дербес деректерді өңдеуі – кейбір жағдайларда Компания дербес деректерді өңдеуді үшінші тұлғаларға (мысалы, мердігерлерге, IT-қызметтер провайдерлеріне, бухгалтерлік немесе заң қызметтерін көрсететін ұйымдарға, аудиторларға) субъектінің немесе оның ресми өкілінің мұндай әрекеттерге нақты келісімі болған жағдайда тапсыруы мүмкін. Дербес деректерді осылай беру конфиденциалдылықты және дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді қамтитын жасалған шарттар негізінде, осы Саясатта (3-тарау) айқындалған мақсаттар шегінде жүзеге асырылады;
 - 2) дербес деректерді трансшекаралық беру – субъектінің немесе оның ресми өкілінің нақты келісімі болған жағдайда және дербес деректерді қабылдаушы тарап тиісті қауіпсіздік деңгейін және дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ете алатыны расталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады;
 - 3) қолданылатын заңнама немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтау мақсатында мемлекеттік органдарға ақпарат беру жүзеге асырылады.

8-тарау. Деректерді сақтау мерзімі

23. Дербес деректерді сақтаған кезде Компания ең алдымен қолданылатын заңнама талаптарын басшылыққа алады.
24. Компания лицензияланатын қызмет шеңберінде өңдейтін дербес деректер іскерлік қатынастар тоқтатылған сәттен бастап кемінде 6 (алты) жыл бойы сақталады, бұған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарына, сондай-ақ Компания үшін міндетті болып табылатын қолданылатын заңнаманың өзге де талаптарына сәйкес Компания неғұрлым ұзақ мерзім бойы сақтауға міндетті ақпарат кірмейді.
25. Басқа жағдайларда дербес деректер, егер қолданылатын заңнаманың талаптарында өзгеше белгіленбесе, оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгеннен кейін жойылуға тиіс.

9-тарау. Субъектілердің дербес деректерді өңдеу мәселелеріне қатысты жүгіну тәртібі

26. Субъектілер дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша dro@ffin.kz электрондық пошта мекенжайы арқылы Компанияға жүгінуге құқылы.
27. Субъектінің сұрауына жауап өтініш келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік он (10) күн ішінде ұсынылады.

10-тарау. Уәкілетті орган туралы ақпарат

28. Дербес деректерді қорғау және өңдеу мәселелерін реттейтін уәкілетті орган (комиссар) «Астана» қаржылық қызметтер басқармасы (Astana Financial Services Authority) болып табылады.

3 Бұл ретте Компания өзіне сеніп тапсырылған деректердің тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында 2-тарауда сипатталған дербес деректерді өңдеу қағидаттарын басшылыққа алады.